

**Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 21 тамыздағы № 324 "Исатай ауданы Зинеден ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Атырау облысы Исатай ауданы мәслихатының 2021 жылғы 25 қазандағы № 80-VII шешімі. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 11-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 27.04.2023 № 11-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Исатай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың 2020 жылғы 21 тамыздағы № 324 "Исатай ауданы Зинеден ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4714 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламентінде:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Зинеден ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті (бұдан әрі - Регламент) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зан) 39-3-бабының 3-1-тармағына және "Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15630 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:  
бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

Зинеден ауылдық округі (бұдан әрі-ауылдық) бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

"Атырау облысы Исатай ауданы Зинеден ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-әкім аппараты) ауылдық округтің коммуналдық

меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі шешімдерін келісу;

бюджетінің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналысқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

ауылдық округтің коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округ әкімін сайлауды өткізуге аудан мәслихатына одан әрі ұсыну үшін ауылдық округ әкімінің қызметіне Исатай ауданының әкімі ұсынған кандидатураларды келісу;

ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері".;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Заңның 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жиналыстың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жиналыстың мүшелеріне және әкімге жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында ұсынады".;

12, 13-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Жиналыс өз өкілеттігі шенберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда жиналыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

1) жиналыстың өткізілген күні мен орны;

- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысуышылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;
- 4) жиналыс төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

Ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасына жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде Исадай аудандық мәслихатының қарауына беріледі.

13. Жиналыс қабылдаған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әкім жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімімен келіспейтіндігін білдіруге құқылы, бұл Үлгі регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен осындай келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрған әкім Исадай аудандық мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Исадай аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*H. Муханбеталиев*